

**«Балдзурен» бөбекжай-балабакшасы»
мектепке дейінгі ұйымы мемлекеттік коммуналдық
қазыналық кәсіпорынын
өзіндік аттестаттау қорытындысы.**

Мазмұны:

1. Мектепке дейінгі білім беру мекемесінің жалпы сипаттамасы
2. Кадрлар құрамын талдау
3. Тәрбиеленушілер контингенті туралы мәлімет
4. Оқу- әдістемелік жұмыстар
5. Оқу- тәрбиелік жұмыстар
6. Оқу- материалдық активтер
7. Мекемедегі тамақтану, медициналық көмек және санитарлық-техникалық деңгейі
8. Ақпараттық ресурстар және кітапхана қоры
9. Өзіндік аттестация өткізу бойынша қорытынды

1. Мектепке дейінгі білім беру мекемесінің жалпы сипаттамасы.

Ақпараттық анықтама.

Мекеме атауы: «Ақтөбе облысының білім басқармасы Хромтау ауданының білім бөлімі» ММ «Балдәурен» бөбекжай-балабақшасы» мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорныны жедел басқару құқығындағы мемлекеттік кәсіпорынның ұйымдық-құқықтық нысандағы заңды тұлға болып табылады.

«Балдәурен» бөбекжай-балабақшасы» Хромтау ауданы әкімдігінің 2007 жылғы 05 желтоқсан № 410 Қаулысының негізімен құрылды. Мектепке дейінгі ұйымының құрылтайшысы – «Ақтөбе облысы әкімінің аппараты» болып табылады.

Қазақстан Республикасының «Мемлекеттік мүлік туралы» Заңының негізгі басшылығын ала отырып мекеме өз жұмысын жалғастыруда.

Мектепке дейінгі ұйымының мемлекеттік басқарудың тиісті саласын басқару жөніндегі уәкілетті орган Ақтөбе облысының білім басқармасы мен Хромтау аудандық білім бөлімі болып табылады.

Мемлекеттік мүлікті басқару жөніндегі уәкілетті орган «Хромтау аудандық қаржы бөлімі» ММ болып табылады.

Мектепке дейінгі ұйымының мекен жайы: Қазақстан Республикасы, 031103 Ақтөбе облысы Хромтау ауданы, Бөгетсай ауылы, Нұрат Орынбаев көшесі, 17 үй.

Мектепке дейінгі ұйымының заңнамаға сәйкес дербес теңгерімі, банктерде шоттары, Қазақстан Республикасының Мемлекеттік елтаңбасы бейнеленген және Мекеменің атауы бар мөрі бар.

«Балдәурен» бөбекжай-балабақшасы» мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорынның оқыту бағыты- гуманитарлық- эстетикалық болып табылады.

Мектепке дейінгі ұйымының негізгі ғимараты 2007 жылы салынған. Қабаты-1, іші жарық, сұйытылған газбен жылыту жылу жүйесі, су, кәріз, сантехникасы қанағаттанарлық күйде. Топтық және жатын бөлмелері 2 топқа арналған. Мекемеде 1 музыка залы, 1 медбике кабинеттері, бар.

Жобалық қуаты-50

Жалпы тізім бойынша-50

Мектепке дейінгі ұйым қызметінің мақсаты әрбір баланың шығармашылық, рухани дамуының мүмкіндіктері үшін қолайлы жағдай жасау, олардың табиғи дамуы мен жүйесінің саулығын нығайту, баланың қабілеттігін олардың мүддесі мен ата-ананың сұраныстарына орай дамыту, балаларды мектепке оқуға дайындау болып табылады.

Білім беру мекемесінің үлгісі- мектепке дейінгі білім және тәрбие беру мекемесі.

Білім беру мекемесінің түрі- бала даму орталығы.

Мекеменің жұмыс тәртібі: 5 күндік, демалыс күндері- сенбі, жексенбі және мейрам күндері. Жұмыс уақыты: 07.30- 18.00. Күн тәртібі, сабақтар кестесі оқу жоспары мен СанЕмН талаптарына сәйкес құрылған. Оқу сабақтарының кестесі балалардың жас ерекшелігіне байланысты құрылған.

Ішкі басқару жүйесін сараптау.

Сараптау мақсаты: педагогикалық процеске, оның нәтижелелігі мен актуалдығы, педагогикалық ұжымның кәсіптік шеберліктерін дамыту, оқыту- тәрбиелеу үдерісінде шығармашылық потенциалын көтеру мақсатында ішкі басқару жүйесінің әсерін анықтау.

Білім беру процесіне қатысушылардың жұмысының нәтижесін бақылау және уақытылы сараптау кері байланыс жүйесінің бар екенін дәлелдейді. Педагогикалық үдеріске қатысушылардың өзара ақпаратпен алмасу және әртүрлі әдістер арқылы бақылау кері байланыс жүреді. Нәтижелерді қорытындылау және бақылау ақпаратты жинақтау мен сараптау;

- ертеңгіліктер, сайыстар, көрмелер;

- ішкі бақылау нәтижелері;
- педагогтердің өзіндік есептері, ашық сабақтары;
- тамақтану процесін тексеру;

Аталған акпараттар жинақталып, жүйеленіп, сарапталып қорытынды есептер, баяндамалар, газеттер арқылы педагогтерге, ата-аналарға жеткізілген.

Ұйымның қызмет көрсетуіне құқықтық негізі: ҚР Әділет министрлігі Ақтөбе облысы әділет департаменті Хромтау ауданының әділет басқармасының Занды тұлғаны мемлекеттік қайта тіркеу туралы анықтамасы: № 35190416-НАО-МК 2021 жылғы «11» қаңтар.

Білім мекемесінің негізгі құжатының бірі- Жарғы. Жарғы «Білім туралы» заңның 41-бабын және ҚР Үкіметінің «Тиісті үлгідегі білім беру ұйымдары қызметінің үлгілік қағидаларын, оның ішінде балаларға арналған қосымша білім беру бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдары қызметінің үлгілік қағидаларын бекіту туралы» қаулысы негізінде дайындалған. Хромтау аудан әкімінің 2020 жылдың 30 желтоқсан айында № 490 қаулысымен бекітілген, тіркеу № 35-1904-16-НАО МК № 080140013712 ЖСН. Алғашқы тіркеу күні 23 қаңтар 2008 жыл. Жарғы 25 беттен тұрады, нөмірленіп, тігілген.

Кәсіпорынның жұмыс жасауды бастауға берілген лицензия № KZ62RVK00034485. Лицензия берілген мерзім: 15.04. 2021ж.

Мектепке дейінгі ұйымының меншік иесі құқығына иелік ететін құжаты бар №.002045557846. Тұрақты жер пайдалану актісі бар, жер учаскесінің кадастрлық нөмірі 02:034:037:113; 02:034:037:113:1. Жалпы алаң: 322,8 ш.м. Жер учаскесінің алаңы: 407,2 га. Мектепке дейінгі ұйымның ғимараты сұйытылған газбен жылытылады, салқын және ыстық сумен толық қамтамасыз етілген.

«Балдәурен» бөбекжай-балабақшасы» 2007 жылы ашылып, ағымдағы жұмыс жүргізіліп отырады.

2020--2021 жылы мекеменің материалдық базасын жаңарту мақсатында төмендегі құрал-жабдықтар алынған:

№	Атауы	саны	сомасы	барлығы	алған мерзімі
1	Электрлік плита 6 комфорлы	1	250 000тг	250 000тг	2019ж
2	комп.ноутбук	1	200 000тг	200 000тг	2020ж
3	Түрлі-түсті принтер	1	89 900тг	89 900тг	2021ж

Мектепке дейінгі ұйымның жана оқу жылына дайындығы туралы актісі бар. Санитарлық-эпидемиологиялық өрт қауіпсіздігі қызметтерінің қорытындысы мен тексерілген актілері бар. Мектепке дейінгі ұйымның ішкі және сыртқы келбеті СанЕмН талаптарына сай. Стандарт жүйесіне байланысты еңбек қауіпсіздігін қамтамасыз ету мақсатында мектепке дейінгі ұйымда толыққанды жұмыс жақсы жүргізілген. Мекеменің қауіпті жағдайларда эвакуациялау жоспары ғимарат ішінде белгіленген. Жұмысқа жаңа қабылданған қызметкерлерге алғашқы кіріспе нұсқаулықтар оқылады. Әрбір тоқсан сайын қызметкерлермен қауіпсіздік нұсқаулықтарды сақтау туралы кеңес өткізіліп, журналдарға қол қойылып отырады. Балалар мен қызметкерлердің жаракаттануы тіркелмеген. Мекемеде өрт қауіпсіздігі жөнінде, еңбек қауіпсіздігі жөнінде, балалардың өмір қауіпсіздігі мен денсаулығын сақтау жөнінде нұсқаулықтардың барлығы бар, құжаттары талапқа сай жүргізілген.

2008 жылдың 15 мамыр айында санитариялық- эпидемиологиялық қорытындысы № 45 ұйғарымына сәйкес 50 орынға ашылғандығы туралы қортынды берілген. Берілген қорытынды: Мектепке дейінгі ұйымның санитариялық ережелер мен гигиеналық нормативтерге сай. Соңғы 4 жыл бойынша 2018 жылдың 4 маусымда жоспарлы түрде келіп тексерген санитариялық- эпидемиологиялық ұйғарымы №25 бар. Тексеру барысында табылған кемшіліктер бойынша жұмыстар жүргізіліп, 2018 жылдың 4 қыркүйегінде №56 қызметтік хат жолданды. Және осы ұйғарым негізінде балабақшаға

екі топқа арналған дәретхана салуға 2019 жылдың тамызы айна дейін уақыт берілді. Бұл тапсырма да орындалды. Орындалғандығы жөнінде фото есеп берілді.

Сонымен қатар мекеме жыл сайын СанЕмН балаларды тамақтандыратын ас мәзірін бекітеді. Балабақшада балалар 4 мезгіл тамақтанады. Ас мәзірі 2 мезгілге бөлінген: жазғы-күзгі, қысқы-көктемгі.

Балабақшаның 2019-2025 жылдарына арналған даму бағдарламасы қабылданған. Жұмыс жоспары толық жасақталып балабақша менгерушісімен бекітілген. Жоспардың міндеттері мен мақсаттары айқындалып, даму кезеңдері бекітілген. Даму бағдарламасы 3 кезеңнен тұрады: дайындық- жоспарлау, практикалық-негізгі, қорытынды. Жоспар 2019-2025 аралығын қамтиды. Даму жоспары 8 бөлімнен тұрады:

- 1) Басқару және ғылыми-әдістемелік жұмыс
- 2) Материалдық-техникалық жарақтандыру
- 3) Басқару және ғылыми - әдістемелік жұмыс.
- 4) Медициналық және гигиеналық алдын алу
- 5) Мектепке дейінгі білім беру және тәрбиелеу мазмұнын жаңарту
- 6) Ағартушылық-тәрбие жұмысы
- 7) Дене шынықтыру-сауықтырушылық жұмысы
- 8) Ата – аналармен жұмыс

Ұйымдастырылған оқу іс-әрекетінің жалпы көлемі оқу жүктемесіне, санитарлық-гигиеналық талапқа сай, оқу іс-әрекет кестесі Бес білім беру саласы талабы бойынша құрылған. «Балдәурен» бөбекжай-балабақшасы» мектепке дейінгі ұйымының 2017-2018, 2018-2019, 2019-2020, 2020-2021 оқу жылдарының ұйымдастырылған оқу іс-әрекеттерінің жұмыс жоспарлары ҚР МЖМБС Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрлігінің 2012 жылғы 23 тамыздағы № 1080 қаулысы және 2012 жылдың 20 желтоқсандағы № 557 бұйрығы негізінде құрылды. Ұйымдастырылған оқу іс-әрекетінің перспективалық жоспарлары және балалардың тіршілік әрекеті мен тәрбиелеуді ұйымдастыру циклограммалары талапқа сай құрылған. Бірақ жинақталған құжаттарды жүйелендіру қажет.

«Балдәурен» бөбекжай-балабақшасы» МДҰ-н іс номенклатурасы ҚР Мәдениет және спорт министрінің 2014 жылғы 22 желтоқсандағы № 144 «Мемлекеттік және мемлекеттік емес ұйымдарда құжаттама жасаудың және құжаттаманы басқарудың үлгілік қағидаларын бекіту туралы» бұйрығына сәйкес дайындалған. Іс номенклатурасы қызмет бағыттары мен құрылымдық бөлімшелер тізбелерінен құрылған:

Басшылық.

Әдіскер құжаттары

Кадрлармен жұмыс.

Тәрбиеленушілер құрамы.

Іс жүргізу жұмысы.

Ата-аналармен жұмыс.

Оқу-әдістемелік жұмыс

Ұйымның іс номенклатурасы менгерушісімен бекітілген.

«Балдәурен» бөбекжай-балабақшасы» мектепке дейінгі ұйымының 3 оқу жылындағы штаттық кестесі Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2008 жылғы 30 қаңтардағы № 77 қаулысы негізіндегі мектепке дейінгі ұйымдардың үлгі штаттық кестесіне сәйкес құрылған. Штаттық кестелер Хромтау аудандық білім бөлімінің басшысымен бекітілген.

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2008 жылғы 30 қаңтардағы № 77 қаулысы негізіндегі мектепке дейінгі ұйымдардың үлгі штаттық кестесіне сәйкестігі кестеде берілген.

ҚР Білім және ғылым министрінің 13.07.2009 ж. №338 «Педагог қызметкерлер мен оларға теңестірілген тұлғалардың лауазымдарының үлгілік біліктілік сипаттамаларын бекіту туралы» бұйрығын, ҚР «Білім туралы» заңын, Жарғы мен ішкі

тәртіп ережесін басшылыққа ала отырып, «Балдәурен» бөбекжай-балабақшасы» МДҰ-да қызметкерлердің лауазымдық нұсқаулықтары жазылған. Жалпы ереже, міндеттер, құқықтар, жауапкершілік тармақшаларынан тұратын лауазымдық нұсқаулық әрбір қызметкерге берілгендігі туралы жинақ папкасы мен журналы бар. Менгерушінің лауазымдық міндеті аудандық білім бөлімінен берілген.

Басқару жүйесі.

«Балдәурен» бөбекжай-балабақшасы» МДҰ бірнеше функцияларды орындайтын ұйым: оқыту- тәрбиелеу, шаруашылық қызмет, кадр және әдістемелік қамтамасыз ету; аталмыш үдерісті басқару және әкімшілік қызмет. Қазіргі таңда заңды функцияны ұйымда Педагогикалық кеңес және Жалпы ұжым жиналысы орындайды. Педагогикалық, оқу-әдістемелік кеңестің жоспарлары бекітіліп, отырыстардың хаттамалары жинақталған және кеңесте қаралаған мәселелер талқыланып, қабылданған шешімдері жазылған.

Мекеменің негізгі қызметі Жарғымен, ішкі еңбек тәртіп ережесімен («Тиісті үлгідегі білім беру ұйымдары қызметінің үлгілік қағидаларын, оның ішінде балаларға арналған қосымша білім беру бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдары қызметінің үлгілік қағидаларын бекіту туралы» қаулысының 30 тармағы негізінде дайындалған), лауазымдық міндеттер (ҚР Білім және ғылым министрінің 13.07.2009 ж. №338 «Педагог қызметкерлер мен оларға тенестірілген тұлғалардың лауазымдарының үлгілік біліктілік сипаттамаларын бекіту туралы» қосымша ҚР Білім және ғылым министрінің 2020 жылғы 30 сәуірдегі № 169 бұйрығы негізінде дайындалған), басқа да нормативтік- құқықтық актілермен реттеледі.

Мекеменің менгерушісі мектепке дейінгі ұйымды тікелей басқарады. Оның қызметі үш бағытта жүреді: тәрбие мен әдістемелік жұмысқа басшылық ету, әкімшілік-шаруашылық мәселелерін шешу, отбасымен жұмыс жүргізіп, ата-аналар мен халық арасында педагогикалық ағарту жұмысын ұйымдастыру.

Менгеруші тарапынан бақылау жоспары құрылған. Оның тексеретін объектілері:

- Тәрбиеленушілердің өмір қауіпсіздігі мен денсаулықтарын сақтау;
- Оқыту- тәрбиелеу жұмысы;
- Кадр мәселесі, педагогтердің аттестациясы, санаттарын көтеру;
- Социуммен байланыс;
- Әкімшілік- шаруашылық және қаржылық қызмет;
- Мекемеде тамақтануды ұйымдастыру;
- Балалар мен қызметкерлердің еңбек қауіпсіздігі мен техника қауіпсіздігі.

Бақылау сұрақтары әртүрлі деңгейде: педагогикалық кеңестерде, жалпы ұжым жиналысында, өндірістік жиналыстарда, менгеруші жанындағы отырыстарда қаралады.

Бақылаудың тиімділігінің ең маңызды әдісі- мониторинг. *Мониторинг мақсаты:* МДҰ-да оқыту- тәрбиелеу үдерісінің сапасы туралы толық біртұтас екеніне көз жеткізеді, болашаққа жоспар мен мақсат, бағыт анықтайды.

Міндеттері:

- Балалардың даму деңгейін бақылау;
- Балалардың мектепке дайындылығын анықтау;
- Балалардың денсаулығының және физикалық дамуының жағдайын сараптау;
- МДҰ-да балалардың тамақтану процесінің ұйымдастыруын бақылау;
- Оқу- материалдық базасын бағалау;
- Балабақша ата-аналарының МДҰ қызметімен қанағаттанарлық деңгейін анықтау;

Менгерушінің нормативті құжаттарға арналған жинақ папкісі бар. Менгерушіге қажетті барлық құжаттары талапқа сай. Бұйрық кітаптары сауатты жүргізілген, тігілген, нөмірленген.

Әдіскер жұмыс жоспары негізінде балалармен, ата-аналармен, педагогтермен жүйелі жұмыстар жүргізген. Әдіскер құжаттары іс номенклатурада берілгендей талапқа сай, құжаттары толық жинақталған.

«Балдәурен» бөбекжай-балабақшасы» МДҮ-ң басқару жүйесі Қазақстан Республикасының Конституциясына, «Білім туралы» Заңына, «Мектепке дейінгі ұйымдар ережесіне», Жарғыға, бұйрықтар мен үкімдерге сай құрылған. Басшылық сонымен қатар өндірістік жиналыстарда, жалпы ұжым жиналыстарында, кәсіподақ ұйымының жиналыстарында қабылданған локальді актілер түрлеріне сүйене отырып жұмыс жасайды:

- Балабақшаның меңгерушісінің негізгі бұйрығы;
- Ішкі еңбек тәртіп ережесі;
- Ұжымдық шарт;
- Еңбек қауіпсіздігі мен техника қауіпсіздігі нұсқаулықтары;
- Сыйақы тағайындау;
- Лауазымдық міндеттер;
- Педагогикалық кеңес туралы

Басқару әрекеті бөбекжай-балабақшаның барлық саласын демократиялық негізде бақылау түрінде жүргізіледі. Білім беру үрдісінің кемшіліктері мен жетістіктері педагогикалық кеңесте қаралады. Басқару процесіне кәсіподақ ұйымы мен ата-аналар комитеті белсене қатысады. Басқару жұмысы жылдық жоспарда көрсетіледі.

«Балдәурен» бөбекжай-балабақшасы» МДҮ-да «Білім туралы» Заңына, МДҮ Жарғысына сәйкес жалпы мақсатты көздейтін оқыту және тәрбиелеу процесін жүргізетін педагогтер ұжымы бар. Педагогикалық ұжыммен жұмысты ұйымдастыру бойынша әкімшілік қауымдасқан, біріккен команда құру принципіне жүгінеді.

Балабақша меңгерушісінің негізгі функциясы білім беру үдерісіне қатысушылардың жұмысы педагогикалық кеңес және басқа да мемлекеттік-қоғамдық ұйымдар арқылы реттейді. Әдіскер оқыту, тәрбиелеу бағыттары бойынша өз жұмысын жасайды.

Сабактар бекітілген жоспар бойынша жұмыс жүргізеді. МДҮ-ң оқыту-тәрбиелеу, әдістемелік, ата-аналармен жұмыс жасау мәселелері педагогикалық кеңесте шешіледі.

Әкімшілік басқару қызметі бойынша медбикенің, шаруашылық меңгерушісінің, қоймашының құжаттарының жүргізілуі тексеріледі.

Медбикенің құжаттары (медбике: Куанышева Гульбану) ҚР Үкіметінің 2015 жылғы 17 ақпанындағы №10275 негізінде «Білім беру объектілеріне қойылатын санитариялық-эпидемиологиялық талаптар» бойынша жинақталған. Сол талапқа сай медбикедің нормативтік құжаттар, нұсқаулықтар, кеңестер папкаларының жинағы бар. Медбикенің бақылау функциясы бойынша ай, апта, күн сайын топ араланып, балалар қатысымы, аурулары, топтың санитариялық жағдайы және балалардың мәдени-гигиеналық талаптары орындаулауын қадағалайды. Сонымен қатар балаларды дәрігерлік байқаудан өткізу кестесі, профилактикалық егу шараларының жүргізілуі тексеріледі.

Шаруашылық меңгерушісінің (Кутжанова Турсенгүл) құжаттары да талапқа сай. Ол өзінің лауазымдық міндеттеріне сай мүліктердің сақталуын, жөнделуінің жүргізу реті, тиісті есеп алым-беру актілері, жылу, жарық, электр, желдеткіш жүйелерінің дұрыс жұмыс жасауы бойынша құжаттары тексеріледі. Шаруашылық меңгерушісінің еңбек қауіпсіздігі, өрт қауіпсіздігі журналдары, жинақ папкалары қаралды. Барлығы талапқа сай.

2. Кадрлар құрамын талдау

2.1 «Балдәурен» бөбекжай-балабақшасы» мектепке дейінгі ұйымының 5 оқу жылындағы штаттық кестесі Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2008 жылғы 30 қаңтардағы № 77 қаулысы негізіндегі мектепке дейінгі ұйымдардың үлгі штаттық кестесіне сәйкес құрылған. Штаттық кестелер Хромтау аудандық білім бөлімінің басшысымен бекітілген.

Меңгеруші	1	Меңгеруші	1
Әдіскер	0,5	Әдіскер	0,5
Психолог	0,5	Психолог	0,5
Музыка жетекшісі	0,5	Музыка жетекшісі	0,5
Тәрбиешілер	4	Тәрбиешілер	4
Тәрбиеші көмекшісі	2	Тәрбиеші көмекшісі	2
Меңгерушінің шаруашылық жөніндегі орынбасары	1	Меңгерушінің шаруашылық жөніндегі орынбасары	1
Медбике	0,5	Медбике	1
Бас аспаз	1	Бас аспаз	1
Аспаз көмекшісі	0,5	Аспаз көмекшісі	0,5
Жұмысшы	0,5	Жұмысшы	0,5
Кастелянша	0,5	Кастелянша	0,5
Кір жуу машинасының операторы	1	Кір жуу машинасының операторы	1
Күзетші	3	Күзетші	3

2.2) Берілетін пәндерге сәйкес базалық білімі бар тәрбиешілер мен педагогтардың саны:

Оқу жылдары	Барлық педагогтар	Жоғары білімі	Соның ішінде мектепке дейінгі	Арнаулы орта	Соның ішінде мектепке дейінгі	орта білімі
2017-2018	6	5	0	1	1	0
2018-2019	7	5	0	2	1	0
2019-2020	7	4	0	3	2	0
2020-2021	6	4	2	2	1	0
2021-2022	6	4	2	2	1	0

Педагогтардың ішінде жоғары білімі бар- 4 педагог (66%), соның ішінде мектепке дейінгі жоғары білімі бар- 2 (33%) педагог, арнаулы орта білімі бар- педагог-2 (33%), соның ішінде мектепке дейінгі білімі бар -1 (16%)- педагог , аяқталмаған жоғары оның ішінде мектепке дейінгі -1(16%) аяқталмаған арнаулы орта білімді оның ішінде мектепке дейінгі – 2 (33%) педагог.

2.3) Базалық курс бойынша:

Оқу жылдары	Педагогтар саны	Базалық пән бойынша
2017-2018	6	-
2018-2019	7	1
2019-2020	7	3
2020-2021	6	5
2021-2022	6	5

Соңғы екі жылдық салыстырмалы көрсеткіште берілгендей облыстық біліктілікті арттыру институтында қайта даярлау және біліктілікті арттырудың курстарына бару алғашқы оқу жылымен салыстырғанда 83 %-ға өскен

2.4) Жас ерекшелігі бойынша кадрларға мінездеме:

Оқу жылдары	Педагогтар саны	20-30 жас	30-40 жас	40-50 жас	50-60 жас	60жас тан жоғары
2017-2018	6		4	2		
2018-2019	7		5	2		-
2019-2020	7		4	3		-
2020-2021	6		3	3		-
2021-2022	6		3	3		

Кадрларды орналастырғанда білімі, педагогикалық жұмыс тәжірибесі, психологиялық сәйкестік есепке алынады. Педагогикалық кадрлар туралы мәселе әкімшілікпен педагогикалық кеңестерде, кәсіподақ, өндірістік жиналыстарында талқыланады.

«Балдәурен» бөбекжай-балабақшасы» мектепке дейінгі ұйымында іс-жүргізу қазақ тілінде жүргізіледі. Мектепке дейінгі ұйымда кадрлардың жеке іс-қағаздары талапқа сай жүргізілген. Жеке іс қағаздарда кадрларды жұмысқа алу өтініштері, жұмысқа қабылданғандары туралы бұйрықтары, еңбек шарттары, диплом көшірмелері, өмірбаяны, жеке куәлігінің көшірмесі, еңбек кітапшалары, біліктілік арттыру курстарынан өткен сертификаттары және біліктілік санаты туралы бұйрықтарының көшірмелері барлығы түгел. Негізгі қызмет бойынша, жеке құрам бойынша бұйрықтар кітаптарының жүргізілуі талапқа сай тігілген және нөмірленген. Барлық қызметкерлердің еңбек өтілінің есептелінгені туралы хаттама толтырылған.

2.5) Кадрлардың жаңалануы:

Оқу жылдары	Педагогтар саны	Келгені	Кеткені	
			Декреттік демалыс	Өз еркімен
2017-2018	6			
2018-2019	7	2		1
2019-2020	7	1		
2020-2021	6			
2021-2022	6		1	

2.6) Біліктілік санаты бойынша кадрларға мінездеме:

Оқу жылдары	Педагогтар саны	Жоғары	Бірінші	Екінші	модератор	сарапшы	Санаты жоқ
2017-2018	6			4			2
2018-2019	7			4			3
2019-2020	7			4			3
2020-2021	6			3			3

2021-2022	6		1	1	1	3
-----------	---	--	---	---	---	---

«Балдәурен» бөбекжай- балабақша әкімшілігі тарапынан педагогтердің біліктіліктерін көтеруге үнемі зор көңіл бөлініп отырады. Балабақшада педагогтердің бес жылдық перспективтік жоспары құрылған. Соған сәйкес, 2022-2023 оқу жылында біліктіліктерін көтеруге 3 педагог педагог-српшы санатына өтініш білдіруге жоспарланып отыр.

2.7) Еңбек өтілі бойынша кадрларға мінездеме.

Оқу жылдары	Педагогтар саны	0-ден 5жылға дейін	5-тен 10 жылға дейін	10-нан 15 жылға дейін	15-тен 20 жылға дейін	20 жылдан жоғары
2017-2018	6	1	1	4		
2018-2019	7	1	1	1	4	
2019-2020	6	2	-	1	3	
2020-2021	6	1	-	1	4	
2021-2022	6	1	-	1	4	

«Балдәурен» бөбекжай-балабақшасы» мектепке дейінгі ұйымында кадрлардың еңбегін бағалау жұмысы жақсы жолға қойылған. Педагог қызметкерлер мектепке дейінгі ұйым ішлік марапаттаулар мен қатар аудандық, облыстық, республикалық, халықаралық марапаттарға ие. Қызмет бабында жазаланған педагогтар тіркелмеген. Ұжым арасында салауатты моральдық- психологиялық ахуал қалыптасқан.

3.Тәрбиеленушілер контингенті туралы мәлімет.

«Балдәурен» бөбекжай-балабақшасы» МДҰ-да жалпы тізім бойынша -50 бала. Балалардың құрамы 1-5 жас аралығын қамтиды, барлығы 2 топ, оның ішінде оқыту-тәрбиелеу процесі мемлекеттік тілде жүргізіледі. Топтардағы балалар санының орташа тығыздығы -25 бала.

ҚР Үкіметінің 2013 жылғы 17 мамырдағы №499 «Тиісті үлгідегі білім беру ұйымдары қызметінің үлгілік қағидаларын бекіту туралы» қаулысы және «ҚР Үкіметінің 2014 жылғы 09 маусымындағы №633 «Мектепке дейінгі білім беру ұйымдарына құжаттарды қабылдау және балаларды қабылдау» мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартына сәйкес» «Балдәурен» бөбекжай-балабақшасы» мектепке дейінгі ұйымына балалар қабылдау жұмысы жүргізілген. Балабақшаға келген ата-ана немесе заңды өкілдер өтініш жазып, балабақшамен келісім шартқа тұрған, оларға көрсетілген мемлекеттік қызмет карточкалары толтырылған. Шартта мекеменің және ата-ананың міндеттері мен құқықтары көрсетілген. Сонымен қатар онда баланың мектепке дейінгі ұйымға бару тәртібі, тамақтану жиілігі, қосымша білім беру, сауықтыру қызметтерін көрсету деңгейі және ұсыну мерзімі, баланы күтіп-бағу ақысының мөлшері және өзге де шарттар айқындалған. Барлық құжаттар реттелген. Келген балалар құжаттарын қабылдау ережесі, балалар қозғалыс кітабы, жолдамаларын тіркеу журналы талапқа сай жүргізілген. Барлық құжаттар нөмірленген және тігілген.

4.Оқу-әдістемелік жұмыстар

1) 2021-2022 оқу жылында «Балдәурен» бөбекжай-балабақшасының білім беру процесі Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың жалпыға міндетті мемлекеттік


стандартына (бұдан әрі – Стандарт 2018 жылғы 31 қазан №604 (2012 жылғы 23 тамыздағы №1080 ҚРҰК, №557 бұйрығы, Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспарына (ҚР БҒМ 2016 жылғы 22 маусымдағы №391 бұйрығы 1-қосымша) және мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасы ҚР БҒМ 2020 жылғы 24 қыркүйектегі №412 бұйрығы, Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасына әдістемелік нұсқаулыққа (бұдан әрі Нұсқаулық 2021 жылғы 26 шілдедегі №6 хаттама) сонымен қатар Қазақстан Республикасының «Білім туралы», «Педагог мәртебесі туралы» Заңдары және Қазақстан Республикасында білім беруді және ғылымды дамытудың 2020-2025 жылдарға арналған бағдарламасы, 2021 жылғы 15 наурыздағы №137 қаулысы негізінде әзірленген, мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мақсаты балалардың жеке қажеттіліктерін ескере отырып, олардың жан-жақты үйлесімді дамуы үшін жайлы және қауіпсіз жағдайлар жасау бағытына сәйкес ұйымдастырылған.

Ұйымдастырылған оқу қызметінің жалпы көлемі оқу жүктемесіне, санитарлық-гигиеналық талапқа сай, оқу қызметі кестесі Бес білім беру саласы талабы бойынша базистік жоспарға сай құрылған.

Балалардың білім деңгейін анықтау ҚР МЖМБС 1.001-2009 стандартында белгіленген 1 жастан 6 жасқа дейінгі балалардың дамуын бағалау жүйесі және индикаторлар құрылымы бойынша жүргізілген. Мектеп жасына дейінгі баланың даму құзыреттілігінің мониторинг толтыру стандартта белгіленген ең жоғары көрсеткіш – «қолданады», орташа деңгей – «түсінеді» және төмен деңгей – «жасайды» көрсеткіштері негізінде жүзеге асырылады. Айта кету керек, мониторингті осылай белгілеу өте тиімді және нақты, ыңғайлы болып табылады.

«Балапан» және «Гүлдер» тобы бойынша

жылдар	2018-2019	2019-2020 аралық	2020-2021	2021-2022 аралық
білім салалары				
Денсаулық	14,8	12	15,2	14,3
Коммуникация	15,3	8,5	14,8	11,3
Таным	17,4	13	13,3	13,3
шығармашылық	20,2	10	18,5	15,8
Әлеумет	15	10,5	14,2	13,3
	82,7%	54%	76%	68%



2) МДҮ-ғы оқыту мен тәрбиелеу жұмысының жылдық жоспарын құруда әдістемелік жұмыстарды жетілдіру, оқыту – тәрбиелеу жұмысының мазмұнын жаналау, баланың танымдық және дене дамуын диагностикалау, түзету жұмысын ұйымдастыру, оқытудың жаңа технологиясын қолдану, ата-аналармен тығыз қарым-қатынас орнату принциптері басшылыққа алынады. Жылдық жоспарда балабақша жұмысының үш негізгі бағыты айқындалып көрсетілген: әлеуметтік-әкімшілік, әдістемелік ұйымдастыру және ата-аналармен жұмыс. Тәрбиешілер балаларға тиімді тәсілдер, қазіргі заманғы ақпараттық технологияларды қолдануды мақсаттаған және жүзеге асыруға тырсады.

Балабақша әдіскері Баскенова Айгерім Рафайловна білім арнаулы орта және Ақтөбе қаласындағы А. Жұбанов атындағы университетінде «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту» мамандығы бойынша сырттай бөлімінде оқиды. «Балдәурен» бөбекжай-балабақшаға 2017 жылдың желтоқсан айынан бастап тәрбиеші, 2021 жылдың қараша айынан бастап әдіскер қызметіне ауысқан. «Өрлеу» біліктілікті арттыру ұлттық орталығында «Мектепке дейінгі білім беру мазмұнын жанарту жағдайында әдістемелік жұмыстарды ұйымдастырудың педагогикалық аспектілері» тақырыбы бойынша 2019 жылдың қараша айының 18-29 күндер аралығында өткен.

Жетістіктері: 2018 жылы Республикалық «Өнеге» порталының «Алғыс хат», 2019 жылы Халықаралық «Пони» сайысынан «Диплом», 2020 жылы Халықаралық «Үркер» марафонынан «Диплом», 2020 жылы Облыстық ғылыми-тәжірбие орталығының олимпиадасынан «Алғыс хат», Республикалық «Зейін» олимпиадасынан I-орын алған марапаттары мен дипломдары бар. **2021-2022 оқу жылына арналған өзекті мәселесі:** «Мектепке дейінгі жас ерелекшіліктері бойынша балаларды оқыту мен тәрбиелеу үрдісінде инновациялық технологияларды қолдану». Сонымен қатар 2020-2021 жылында өткізілген ашық сабақтар: «Балапан» тобының **Тәрбиешісі:**

Данагулова Г.М.

Білім саласы: Таным

Ұйымдастырылған оқу іс-әрекеті: Сенсорика

II топ «Балапан»

Іс-әрекетінің тақырыбы: «Сенсорика әлеміне саяхат»

Максаты: Балалардың әртүрлі сенсорлық әсерлерін байыту. Жалпы ақыл-ой дамуын сенсорлық эталондар мен қарапайым танымдық шығармашылық қабілеттерін дамыту. Сабаққа дайындығын талдай келе, тақырыбы жас ерекшелігіне сәйкес келеді. Балалар сабақты сәлемдесуден бастайды. Сабақ барысында шаттық шеңбері, түрлі-түсті асықтар, тақтайшалармен жұмыс, қатты-жұмсақ заттарды ажырату, құм терапиясы арқылы саусақ ұсақ моторикасы бойынша ұсақ қол моторикасымен жұмыс жүргізді. Сұрақ-жауап арқылы балалардан жауап алды.

Сабақ шешімі: Тәрбиеші сабаққа жақсы дайындалған, көрнекілігі талапқа сай.

Ұсыныс: Оқу үрдісіне жаңа инновациялық әдіс-тәсілдерді енгізу және көрнекіліктердің эстетикалық талғамын жетілдіру.

Тәрбиеші: Кимбаева Г.М.

Білім саласы: Қатынас.

Ұйымдастырылған оқу іс-әрекеті: Сөйлеуді дамыту

II –кіші «Гүлдер» тобы

Іс-әрекетінің тақырыбы: «Еңбексіз абройға жете алмайсың»

Максаты: Балаларды еңбекқорлыққа және жалқаулық ұғымдары туралы этикалық идеяларды қалыптастыру және бекіту. Сабақ барысында тәрбиеші қонаққа келген қонжықтай тапсырмасы арқылы балаларға еңбек туралы мақалдар айтқызып, өлеңдер оқыды. Және сурет ақылы балалардың назарына ұсынды. Сурет ақылы балалар суреттегі жалқау бала мен еңбекқор баланы ажыратып айтып берді. Дидактикалық «Сөз ойла, тез ойла» ойыны ойнатылды. Балалар жақсы белсенділік танытты.

Сабақ құрылымы бағдарлама максатына сай алынған. Тәрбиешінің дауыс ырғағы нық, балаларды тыңдата білді.

Тәрбиешінің түр сипаты, шашы, киінген киімі эстетикалық талғамға сәйкес.

Сабақ шешімі: Тәрбиеші сабаққа жақсы дайындалған, көрнекілігі талапқа сай, жаңа әдіс тәсілдерді қолданды.

Ұсыныс: Тыныс алу жаттығуларын, қимыл-қозғалыс ойындарын толықтыру.

Тәрбиеші: Тлеубаева Г.К.

Білім саласы: Таным

Ұйымдастырылған оқу іс-әрекеті: Қарапайым математика

2 кіші топ «Гүлдер»

Іс-әрекетінің тақырыбы: «Көктем құстары»

Максаты: Заттардың санын салыстыруды үйрету, заттардың тең болу және тең болмау ұғымдарымен таныстыру.

Қолданған керекті құралдары жас ерекшелігіне сай, гигиеналық талапқа сәйкес, эстетикалық жағынан әсем безендірілген. Сабақ бағдарламаға сәйкес, дамыту, үйрету, тәрбиелеу, түрлері қойылған.

Әдіс-тәсілдер: сұрақ-жауап, көрсету, ойын.

Дидактикалық ойын ойнап құстардың бөліктерінен құстарды құрастырды. Сабақты сұрақ-жауап арқылы қортындылады.

Тәрбиешінің дауыс ырғағы жағымды, балалар қызығып тыңдады. Тәрбиешінің түр сипаты, шашы, киінген киімі эстетикалық талғамға сәйкес.

Сабақ шешімі: Тәрбиеші сабаққа жақсы дайындалған, көрнекілігі талапқа сай. Сабаққа барлық балаларды қатыстырды.

Ескерту: Балалар сөздерді анық, таза айта алмайды. Жеке баламен жұмыс жүргізу.

Ұсыныс: Тәрбиешілер білімдерін көтеріп, жаңа әдіс-тәсілдерді қолдану.

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің м.а. 2008 жылы 16 мамырдағы № 272 бұйрығымен бекітілген «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту, бастауыш, негізгі орта, жалпы орта және қосымша білім беру ұйымдарында педагогикалық кеңес қызметінің және оны сайлау тәртібінің ережелері» негізінде жыл бойына жоспарға сәйкес 5 рет педагогикалық кеңес ұйымдастырылған. Педагогикалық кеңес отырыстарының хаттамалары жазылған, нөмірленген және тігілген. Педагог

кадрлар жұмыстарының сұрақтары әкімшілік педагогикалық кеңестерде және өндірістік отырыстарда қарастырылады.

5. Оқу-тәрбиелік жұмыс

1) МДҰ-ның оқыту-тәрбиелеу жұмысында бала құқығына, жалпы құқықтық тәрбиеге баса назар аударылады. Педагогтердің құқықтық сауаттылықтарын арттыру, кәсіби құзыреттіліктерін көтеру мақсатында жылдық жоспарда арнайы құқықтық білімдерін көтеру жоспары құрылған. Ай сайын педагогтерге «ҚР-ның тіл туралы Заңы», «ҚР-ның білім туралы Заңы», Президенттің жыл сайынғы жолдаулары, Еңбек кодексі, бала құқығы туралы конвенция, неке және отбасы туралы Заң тақырыптары әдіскер жанындағы кеңестерде немесе әдістемелік кеңестерде оқылып, талқыланады. Сонымен бірге, жылдық жоспарда ҚР-ның мемлекеттік рәміздерді насихаттау, құрметтеуге байланысты арнайы жоспар құрылған. Тәуілсіздіктің 30 жылдық қарсаңында «Тәуелсіз елім – тірегім, туған тілім – жүрегім» аудандық мәнерлеп оқу байқауына Ортаңғы топ тәрбиеленушісі Әбдіжаппар Зере Бауыржанқызы қатысып жүлделі ІІІ-орын алды. Сонымен қатар «Гүлдер» тобы және кіші «Балапан» тобында еліміздің тәуелсіздігі күніне арналған «Тәуелсіз таңым атқанда» атты танымдық сабақ болды.

МДҰ-ның оқыту мен тәрбиелеу жұмысында балабақша тәрбиеленушілерінің өзін-өзі жетілдіруіне үлкен мән беріліп, баланың бес білім саласы бойынша жан-жақты дамуына барлық жағдай жасау мүмкіндіктері қолданылады.

Балабақшада балалардың шығармашылық қабілеттерін дамытуға бағытталған көптеген іс-шаралар ұйымдастырылады. Жоспарға сәйкес өткізілетін ертеңгіліктер мен мерекелік концерттен бөлек, тәрбиеленушілердің бойындағы жеке қасиеттерін ашатын байқаулар баршылық.

Мектепке дейінгі жас ерешеліктері бойынша баланы әлеуметтендіру жұмысына да ерекше көңіл бөлінеді. Мектепке дейінгі жас ерешеліктері бойынша балаларды оқыту мен тәрбиелеу балабақша мен отбасы арасындағы өзара қарым-қатынасқа байланысты. Ата-аналармен әдістемелік жұмысында, Педагогикалық ұжым өзінің оқыту мен тәрбиелеу жұмысын отбасымен тығыз қарым-қатынас жасау негізінде құрады. Өзара оқыту мен тәрбиелеу технологияларының өзгеруі «МДҰ+ата-ана+тәрбиеші» қатынастарының өзгеруіне байланысты, оның негізінде өзара сыйластық, сенімділік жатыр.

Мектеп жасына дейінгі баланың денін сауықтыру және шынықтыру мақсатында «Денсаулық» білім беру саласы бойынша балабақшада бірқатар іс-шаралар атқарылуда. Сонымен бірге баланың қимыл-қозғалыс белсенділігін арттыру мен дамытуда ерекше орын алатын балабақшада музыка залымен біріктірілген спорт залы ме бар, балалардың денсаулықтарын нығайту мен дамытуға бағытталған қажетті барлық спорттық құрал-жабдықтармен – дерлік жабдықталған. Дегенмен, әлі толықтыруды қажет етеді. Қыс айларында балалар далада, таза ауада қысқы ойындар ойнап, шанамен сырғанайды. Түрлі сауықтыру алашалары, массаждық төсеніштер де бар. Балалармен қимылды ойындар ойнату үшін түрлі ойын атрибуттары, қимылды ойындардың картотекалары да жинақталған. Бірақ жүйелеуді қажет етеді.

Пәндік – дамытушы орта бала өмірін дамытуға, санитарлық-гигиеналық, психологиялық – педагогикалық, эстетикалық жағдайлардың кешеніне сәйкес. Топтарда заттар мен ойыншықтарды балалардың еркін қолдану мүмкіндігі толық қамтамасыз етілген. Пәндік дамытушы ортада балалардың сөйлеу, сенсорлық, танымдық, эстетикалық дамуына қолайлы жағдай жасалған. Мектепке дейінгі ұйымның жылдық жоспары бар, педагогикалық кеңесте бекітілген, белгілінген іс-шаралар білім бағдарламасының, оқу-тәрбие жұмыстарын шешуге бағытталған.

5) Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 20 желтоқсандағы № 557 бұйрығына өзгерістер енгізу туралы Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2020

жылғы 12 мамырдағы № 195 бұйрығы негізінде құрылған оқу жұмыс жоспарында көрсетілген вариативтік бөлігінде әр топтың жас ерекшелігіне сәйкес белгіленген сағат санына қарай балабақшада адаптивтік бағдарламалар жазылды. 2021-2022 о.ж. педагогикалық процесті ұйымдастыру және базалық мазмұнының толықтыру мақсатында төмендегідей бейімделген бағдарламалар қолданылады:

1.«**Дидактикалық ойындар**» /1сағ/-ортаңғы топ

Құрастырушы : Кимбаева Гульназ Маратовна сарапшы-педагог

«Балдәурен» бөбекжай-балабақшасы»2021-2022 оқу жылында барлық бейімделген бағдарламалар Хромтау аудандық білім бөлімінің сараптау комиссия шешімі № 1 хаттама № 353/1 бұйрығымен бекітілді.

Адаптивтік оқу бағдарламасы бойынша жұмыс істейтін тәрбиешілер

Педагогтардың аты -жөні	Бағдарлама атауы	Жылдар
Глеубаева Гульбану Каипевна	«Көкөністер біздің дастарханымызда»	2017-2018
Данагулова Гульнара Молдабаевна	«Өнерлі екен он саусақ»	2018-2019
Кимбаева Гульназ Маратовна	«Дидактикалық ойындар»	2021-2022

6) «Балдәурен» бөбекжай-балабақшасы мектепке дейінгі ұйымының психологі қызметін Баекенова Айкерим Рафайловна 2021 жылдың қараша айынан бастап бүгінге дейін аткарып келеді. Жалпы педагогикалық еңбек өтілі 3 жыл. Психологиялық жұмыстың басты мақсаты— баланың психологиялық денсаулығына жәрдемдесу, танымдық қызығушылығын ашу, даму барысында қиыншылықтарды түзету.Тексеріс барысында мектепке дейінгі ұйымның психологиялық қызметінің жұмыстары айқындалды. Жеке бөлменің болмауына байланысты педагог-психологтың құжаттары жинақтағыш папкалар,дамытушы және түзету материалдары, психолог нормативті құжаттары менгеруші бөлмесінде жинақталған. Психолог тәрбиешілермен, балалармен, ата-аналармен тығыз байланыс жасады. Ортаңғы топтарда психологиялық кеңес беру жұмыстары жүргізілді, балалардың мектепке психологиялық дайындылықтары тексеріледі. Балалардың мектепке дайындық жұмыстары жеке және топтық ойын сабақтарда, тақырыптық тренингтер жаттығулар арқылы жүргізілді. Психолог маман ата-аналарға, тәрбиешілерге әңгіме барысында, педагогикалық кеңестерде хабарламалар, тренингтер, ата-аналар мен тәрбиешілерге сауалнама жүргізу, жеке ақыл-кеңес беру арқылы өз тарапынан кәсіби көмек көрсетеді. «Баланың балабақша өміріне бейімделуі» т.б. Ата-аналардан пікір мен ұсыныстар алынған.

«Сіз қандай ата-анасыз?» тақырыбында барлық топтарының ата-аналарына сауалнама жүргізілген. Нәтижесінде бейімделу деңгейі жоғары болып анықталған. Педагогтар арасында өткізілген «Сіз қандай жансыз?» сауалнама жүргізілген. Нәтижесінде 6 педагог қатысып 3 педагог қызу қанды, 2 уайымшыл, 1 жайлы екені анықталған.

8)Мектепке дейінгі ұйымда тәрбиеленушілердің танымдық, психологиялық, тұлғалық қабілеттері мен ерекшеліктерін дамыту мақсатында денсаулық сақтау технологиялары және мнематехникалық әдіс қолданылып келеді. Сонымен бірге, балалармен күнделікті жұмыс істеу барысында балабақша педагогтері дәстүрден тыс сурет салу, мнематехникалық кестелер, ертегі терапиясы, музыка терапиясы, ойын, сахналау, драматизациялау, слайд-шоу сияқты оқыту мен тәрбиелеудің белсенді формаларын қолданып келеді. МДҰ-да қолданылатын оқыту мен тәрбиелеудің түрлері мен әдіс-тәсілдерді таңдауда балабақша тәрбиеленушілердің жеке қабілеттері мен

ерекшеліктері және мүмкіндіктері ескеріледі. Кіші жастағы балалар арасында денсаулық сақтау технологияларына мән берілсе, ортаңғы топтың балалары арасында олардың танымдық, зерттеушілік қабілеттерін дамыту мақсатында жобалау жүргізу сияқты әдістер кеңінен қолданылады.

Әдістемелік жұмыстардың қорытындысы мектепке дейінгі ұйым аналитикалық жұмыс жүйесі, әдістемелік құжаттардың барын көрсетті. Оқу-тәрбие процесін әдістемелік жағынан қамту мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттың талаптарына сәйкес жүргізіледі. Ұжыммен шешілетін жылдық жоспар өзекті болып табылады, графикалық түрде ұсынылады.

6. Оқу- материалдық активтер.

1) Мектепке дейінгі ұйымның материалдық-техникалық және медициналық, әлеуметтік жағдайы балалардың өмірін қорғау және денсаулығының нығайтуын, интеллектуалдық дамуын, эмоционалдық жағдайын жақсартуды қамтамасыз етеді. МДҰ-ның алаңын балалар ойындарына арналған құралдармен жабдықтаған. Бірақ ескі жаңартуды талап етеді. Балабақшада екі топқа арналған жатын және оқу бөлмесі, 1 музыка залы, 1 медбике және меңгеруші бөлмесі. Ас үй мен қойма бөлмелері бар. Барлық топтар мен кабинеттер жиһаздары көне 2008 жылдан бері ауыстырылмаған, көрнекі, оқу- әдістемелік құралдары бар. Бірақ әлі де толықтыруды қажет етеді.

Балабақшаның тәрбиеленушілерінің толыққанды дамуы үшін, оқыту- тәрбиелеу үдерісінде педагогтерге қолайлы жағдай туғызу үшін материалдық базасын жетілдіру қажет.

Мектепке дейінгі ұйымының әкімшілігі материалдық-техникалық базасының нығаюына үлкен көңіл бөледі. Барлық топтарда, әкімшілік кабинеттерінде ағымдағы жөндеу жұмысы жүргізілді (музыка залының қабырғаларын, асхана іші, медбике бөлмесі, боялды. Бірақ өткізілген материалдық-техникалық базаны жақсарту жұмысы, топтарда жұмсақ және қатты инвентарь, ойыншықтармен, жабдыкталуы жекіліксіз.

7. Мекемедегі тамақтану, медициналық көмек және санитарлық-техникалық деңгейі

Медбикенің құжаттары (медбике: Қуанышева Гульбану) ҚР Үкіметінің 2015 жылғы 17 ақпанындағы №10275 негізінде «Білім беру объектілеріне қойылатын санитариялық- эпидемиологиялық талаптар» бойынша жинақталған. Сол талапқа сай медбикедің нормативтік құжаттар, нұсқаулықтар, кеңестер папкаларының жинағы бар. Медбикенің бақылау функциясы бойынша ай, апта, күн сайын топ араланып, балалар қатысымы, аурулары, топтың санитариялық жағдайы және балалардың мәдени- гигиеналық талаптары орындаулауын қадағалайды. Сонымен қатар балаларды дәрігерлік байқаудан өткізу кестесі, профилактикалық егу шараларының жүргізілуі тексерілді.

«Балдәурен» бөбекжай-балабақшасының медициналық қызмет жұмысын Қуанышева Гульбану Турегалиевна жүргізеді. Білімі арнаулы орта, мамандығы-медбике, жалпы жұмыс өтілі 24,7 жыл. Тексеріс барысында қызметкерлер саны-20 адам. Барлығында медициналық тексеруден өткен құжаттары және жұмысқа жіберу туралы рұқсаты бар. Балалардың денсаулығын нығайту және қауіпсіздіктерін қамтамасыз ету мақсатында профилактикалық егу жұмыстары ауылдық амбулаториямен бірлесіп жүргізіледі.

Медициналық бөлме талапқа сай жабдыкталған, ғимаратта бос бөлме болмағандықтан изолятор бөлмесі жабдыкталмаған. Алғашқы көмек көрсетуге арналған медикаменттері жарамдылық мерзімге сай. Температуралық режим, топтың желдету кестесі бекітіліп, журналы жүргізіліп, тубус-квирц жұмыстары кестеге сай жүргізіліп отырады. Күндізгі ұйқы жатын бөлмелері және дәретхана бөлмелері санитарлық талаптарға сай.

Ас үй және кір жуу орындары қарастырылған. 2-тоңазытқыш жабдығы бар, ыдыстар таңбаланған, жууға және өңдеуге арналған талаптар сақталған.

СанПин талаптарына сай тамақтандыру бойынша журналдар жүргізілген. Күніне балалар 4 мезгіл тамақтанады. Күндік төлем ақысы 500 теңгені құрайды.

Балалардың денсаулығын сауықтыру шаралары дене шынықтыру ұйымдастырылған оқу іс-әрекеті негізінде жүзеге асырылады.

Музыка ұйымдастырылған оқу іс-әрекеті топтарда жүргізіледі, спорттық, музыкалық іс-шаралар, ертеңгілік жаттығулар музыка залында жүргізіледі.

Медициналық құралдар СанЕмН талаптарына сай, алғашқы медициналық көмекті көрсету құралдарымен, медициналық қажетті препараттармен, бір рет қолдануға келетін шприцтермен, индикаторлық термометрлермен жабдықталған.

Шаруашылық меңгерушісінің (Кутжанова Түрсінгүл) құжаттары да талапқа сай. Ол өзінің лауазымдық міндеттеріне сай мүліктердің сақталуын, жөнделуінің жүргізу реті, тиісті есеп алым-беру актілері, жылу, жарық, электр, желдеткіш жүйелерінің дұрыс жұмыс жасауы бойынша құжаттары тексеріледі. Шаруашылық меңгерушісінің еңбек қауіпсіздігі, өрт қауіпсіздігі журналдары, жинақ папкалары қаралды. Барлығы талапқа сай. Электр желісінің жағдайы техникалық нормаларға сай.

Өрт сөндірудің шиті алғашқы құралдарымен жабдықталған. МДҰ-да өрт дабылы өткізілген. Терезелер, есіктер қанағаттанарлық күйде. Өрбір эвакуациялау жолдарында «ШЫҒЫС» Өрт және еңбек қауіпсіздігіне жауапты шаруашылық меңгерушісі Кутжанова Т. Өрт сөндіргіш құралдары- олардың 1 өрт сөндіргіш шиті, 8 өрт сөндіргіш қраны. Дабыл қалқыш балабақшада эвакуация жолдарының көрсеткіштері, жоспары, кестесі қабырғада орналасқан.

8. Ақпараттық ресурстар және кітапхана қоры.

1) Қазіргі заманға сай ақпараттық-техникалық база қалыптасқан. Соның ішінде интернет жүйесі, Қазіргі заманға сай ақпараттық-техникалық база қалыптасқан. Соның ішінде интернет жүйесі, электронды пошта (Baldauren.balabasha@mail.ru) және <http://bogetsay-baldauren-bb-edu.testim.kz/kz/zin-zi-ba-alau.html> сайты іске қосылған.

2) «Балдәурен» бөбекжай-балабақшасы мектепке дейінгі ұйымында ақпараттық технологиялармен жұмыс жүргізу барысы жолға қойылған. МДҰ қызметкерлеріне арналған 3 ноутбук бар, барлығы да интернет желісіне қосылған. Мектепке дейінгі тәрбие және оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті стандартымен анықталған нормативтерге сәйкес әдістемелік әдебиеттер саны жинақталған.

Оқу жылдары	әдістемелік әдебиеттер саны	Балалар көркем әдебиеттері саны
2018-2019	10	8
2019-2020	15	10
2020-2021	20	10

Мекеме төмендегі басылымдарға жазылады:

«Ұстаз», «Ақтөбе» «Ақтөбе весник» «Казакстански правда» «Литер» «Айқын» «Хромтау» «Ана тілі», «Ұстаз», «Егеменді Қазақстан» сияқты газет-журналдарға жазылады.

Мектепке дейінгі ұйым топтарында демонстрациялық материалдар, үлестірімелі құралдар, жолда жүру ережесінің плакаттары, үй жануарлары және жабайы аңдар, гүлдер, құстар, мәдени-гигиеналық шаралаға арналған көрнекіліктермен жабдықталған. Мектепке дейінгі тәрбие беру мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті

стандартымен анықталған нормативтерге сәйкес тәрбиеленушінің физикалық, интеллектуалдық және жеке дамуы үшін балабақшада әдістемелік және балалар әдебиеттері бар. Балалардың ой-өрісін, танымдық қабілеттерін дамытатын «Қазақстандағы жануарлар әлемі», «Атадан өсиет, анадан қасиет» кітапшалары, математикалық және ойлау қабілеттерін дамытатын «Санап үйренеміз», «Он көлеміндегі сандар», «Логика» т.б. кітаптары, «Қазақ ертегілері», «Ақылды ертегілер», «Бөбектерге арналған қызықты ертегілер», «Қазақ халық ертегілері» және т.б. көптеген ертегі кітаптары мен суретті кітапшалары бар.

Мектепке дейінгі ұйым топтары ойын материалдары мен құрал-жабдықтармен толық қамтылған. Қосымша әдебиеттер қорының саны жеткілікті.

9.Өзіндік аттестация өткізу бойынша қорытынды.

«Балдәурен» бөбекжай-балабақшасы МДҰ-н 28 қаңтармен 28 ақпан аралығында өткізілген өзіндік аттестация барысында педагогикалық және басқару қызметінің жағдайы сарапталынды. Оқыту- тәрбиелеу жүйесі, әдістемелік жұмысының сараптамасы жүргізілді.

«Балдәурен» бөбекжай-балабақшасы» МДҰ МКҚК-н өзін өзі аттестаттау қорытындысы:

1. Мектепке дейінгі ұйымның әкімшілік басқару қызметі жүйеленген.
2. Әкімшілік-басқару қызметкерлерінің құжаттары талапқа сай жинақталған.
3. Балабақшада кадрлармен жүргізілетін жұмыс жүйелі жолға қойылған.
4. Кадрлардың іс-қағаздары, құжаттары талапқа сай.
5. Оқу- тәрбие жұмысы жеткілікті деңгейде деп саналсын.
6. Мектепке дейінгі ұйым интернет жүйесімен қамтылған.
7. Тәрбиеленушілердің білім деңгейі өлшеуіштері, білімдерін бағалау құралдары, бағалау тәртібі стандарт тәртібіне сәйкес.
8. Білім беру сапасында бақылау формасын жүзеге асыру бойынша жоспарланған, бақылау жұмыстарының құжаттары талапқа сай жүргізілген.

Тексеріс бойынша анықталған кемшіліктер мен ескертүүлەر:

1. Тәрбиешілердің ойын картотекалары жіктеліп, жинақталсын.
2. Топтағы дамытушы орта заттары толықтырылсын.
3. Балабақшаның жылдық жұмыс жоспарының құрлымы жүйеленсін
4. «Балапан» тобы тәрбиешілеріне топтағы сенсорлық бұрышты эстетикалық талғамға сай жабдыктасын.
5. Балалардың жеке дамуын ойыны және ойын жаттығулары арқылы жүзеге асыру бағытында жұмыстар жүргізілсін.
6. Психологиялық көмек көрсетудегі басқарушылық одан әрі жетілдірілсін.

«Балдәурен» бөбекжай-балабақшасы МДҰ МКҚК-н өзін өзі аттестаттау қорытындысы бойынша ұсыныстар:

1. МДҰ-н әкімшілік басқаруының мекеме ішлік бақылау құжаттарын толық жүргізу.
2. Педагогикалық құрамның сапасын одан әрі жақсарту мақсатында «Мектепке дейінгі ұйым тәрбиешісі» мамандығы бойынша білім алуларына және жетілдіруіне жағдай жасау.
3. Педагогтердің деңгейін көтеру жұмыстары жүргізілсін.
4. Әдістемелік кабинет қазақша әдістемелік әдебиеттермен толықтырылсын.
5. Материалдық- техникалық базаның деңгейі жаңартылсын.

6. Қазіргі заман талабына сай топтарда көрнекі құралдар эстетикалық талғамға сай толықтырылсын және жинақталсын.

Комиссия төрайымы:

«Балдәурен» бөбекжай-балабақшасының меңгерушісі Н.К. Дуйсебаева

Комиссия мүшелері:

Әдіскер: Баскенова А.Р.

Тәрбиеші: Данагулова Г.М.

Тәрбиеші: Кимбаева Г.М.

Кәсіподақ төрайымы: Тлеубасва Г.К.

Шаруашылық меңгерушісі: Кутжанова Т.К.

хатшы

Баскенова А.Р.
Данагулова Г.М.
Кимбаева Г.М.
Тлеубасва Г.К.
Кутжанова Т.К.